

## Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 317 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 17, 69 баптарына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 31 бабына, "Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімін, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкін жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 шілдедегі № 439 қаулысына сәйкес, "Рудненский водоканал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (БСН 041240004108) 2021 жылғы 22 қарашадағы № 08-7412 өтініші бойынша Бейімбет Майлин ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Рудненский водоканал" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне жалпы көлемі 0,0004 гектар Бейімбет Майлин ауданы аумағында орналасқан сүзгі станциясынан ЖЭО дейінгі су тартқышқа қызмет көрсету және пайдалану үшін кадастрлық нөмірі 12-189-032-100 жер учаскесінде қауымдық сервитут белгілесін.

2. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыға қол қойылған күннен бастап осы актінің электрондық нұсқасын "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы Өңірлік мемлекеттік кәсіпорнына күнтізбелік жиырма күн ішінде қазақ және орыс тілдерінде электрондық құжат айналымы жүйесі арқылы жіберсін.

3. "Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі осы қаулыны оған қол қойылған күннен бастап Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет – ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына Мирас Ермұханұлы Ахметовке жүктелсін.

5. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Қ. Мыржақыпов*